

Ж. РСЫМБЕТОВА

Ә. ҚОҢЫРАТБАЕВ – БҰДАБАЙ ҚАБЫЛҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫГЫН ЗЕРТТЕУШІ

ХХ ғасырдағы қазақ зияллыларының бірі, филология ғылымдарының докторы, профессор, педагог, сыншы, түркітанушы, фольклор зерттеушісі Әуелбек Қоңыратбаевтың қазақ әдебиеті мен мәдениетінің гүлденеүне қосқан ұлесі қомакты. Оған дәлел – бірнеше саланың басын қамтитын қайраткердің қаламынан туған мынға жуық еңбектері.

Ә. Қоңыратбаев зерттеп, еңбектерін қазақ әдебиетінің алтын қорына қосқан, «қазактағы ауызекі суырып салып айту мен жазып шығару үрдісін қатар ұстанған белгілі жүйрік ақындарымыздың бірі» [4, 5] – Бұдабай Қабылұлы.

«Қыпшактан шыққан Бұдабай,
Әдейі үрдірган қоңыраудай

Ояткан көпті гүлдірі», – деп Тұрмашамбет ақын жырға қосқан [2] XIX ғасырда Сыр бойына атағы кең тараған шайыр өлеңдерінің азды-көпті жиналып, мәдени қорға түсіп сакталып қалуына қомакты үлесін қосып, шығармашылығын зерттеп, есімін халыққа алғаш таныстырушы ретінде Ә. Қоңыратбаев есімін атауымыз ләзім. Ж. Әлмашұлы «Бұдабайдың ақындығы туралы ең алғаш сөз қозғаңдардың бірі – профессор Әуелбек Қоңыратбайұлы. Оның «Бұдабай ақын» атты мақаласы Қызылорда облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінде 1972 жылғы 27 сәуірде жарияланды. Біздің және бірқатар оқырмандардың ең алғаш ақынмен танысы осы мақаладан басталса керек» [1, 123] деп, Бұдабай шығармашылығымен жүртшылық Ә. Қоңыратбаев енбегі арқылы 1972 жылдан бастап танысты десе, біз зерттеушінің одан да ерте, 1946 жылғы «Оңтүстік Қазақстан» газетіндегі «Қыпшак Бұдабай ақын» атты мақаласына жолығып, қырқыншы жылдарға дейін Бұдабай Қабылұлы жайында жазылған деректі кездестіре алмадық. Тек, 1883 жылы Я. Лютштің Ташкент қаласында бастырған «Киргизская хрестоматия» атты жинағына тұнғыш рет Бұдабайдың Әйекені жоктаған әйгілі жыры еніп, бұдан кейін белгілі фольклор жинаушысы Ә.Диваев бүл жоктаудың толық нұсқасын 1904 жылы «Сырдария облысының есеп материалдарының жинағында» (XI том) бастырып шығарыпты [4–7]. Дегенмен мұны ақын шығармашылығының басылым бетіне жа-

рияланып, оқырманға танылуындағы алғашқы адым ретінде қарап, тұнғыш Бұдабай еңбектерінің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып, алғашқылардың бірі ретінде оқырмандарға әдеби деректер мен ақын өмірінен мәліметтер беріп, ғылыми талдау жасаған зерттеуші ретінде Ә. Қоңыратбаев есімін атауымызға болады.

Ә. Қоңыратбаев 1946 жылғы мақаласында Бұдабайды 1842 жылы туылып, 1906 жылдар шамасында өлген деп шамаласа, кейінгі зерттеулерінде [6, 4; 7-165] өмір сүрген кезеңін 1842–1912 жылдар деп нақтылады. Фалымның зерттеуінше, ақын Қызылорда облысы, Шиелі ауданына қарасты Жиделі арық деген жерде туып өскен қыпшақ, одан Шашты, оның ішінде Малай деген атасынан. Бұдабайдың бәйбішесі Балторы сұлудан бір ұл, үш қызы болып, ұлы Бақберді ер жеткен шағында қайтыс болыпты. Әйелі де Бұдабайдан бұрын өлген көрінеді. Кіші қызы Қарлығаш қырқыншы жылдары Алматыда тұрыпты. Бір жиені белгілі жазушы, аудармашы Қалмақан Әбдіқадыров те, екіншісі – сол кездегі Шаян аудандық партия комитетінің қызметкері болған Сұлеймен Мырзахметов екен.

Ә. Қоңыратбаев Бұдабай Қабылұлының інісі Ордалы баласы Қанжардың айтуымен ақынды үзын бойлы, дөңгелек жұзді, сары, жайшылықта аузынан сөзі түсіп тұратын момын адам өлеңге келгенде сайрап қоя береді екен деп сипаттайды. Зерттеушінің пікірінше, Бұдабай ақындықты айтыс поэзиясынан бастаған көрінеді. Он бес жасында Жадыра қызбен айттысып, осы айттыс өлеңді 63 жасқа келгенше аузынан тастамайды. Фалым ақынның ұзак айттыстарының бірі ретінде, бір жетіге созылып, ақырында екеуі достасып аяқталған қоңырат елінің атақты ақыны Қарлығаш қызбен айттысын атайды.

Бұдабайға өз кезінде көптеген Сыр ақындарының еліктеп, оның ақындығы жайлы тараған аңыз туралы зерттеуші: «Бұдабайдың аты Қыр, Сырға мәлім. Оның тұстастары Балқы Базар, Майлықожа, Мәделіқожа, молда Мұса сияқтылар болған. Бұқар елінде жүріп, Балқымен кездесіп, Балқы домбыраның өдемі күйімен өзін таныстырғанда: «Шырағым қай бала едің, күдайым өнердің бағын өзіне түгел берген екен ғой» депті. Осы екі ақын жайында ел қызық аңыздар айтады. Түсінде мұның екеуіне де біреу: «Өлен

аласың ба, көген аласың ба?» депті мыс, олар өлең қалапты деседі» дейді [6].

Галымның зерттеуінше, Бұдабай ескіше хаттаныған, парсы әдебиетінен де азын аулақ хабары болған. Жас кезінде көбіне қыпшак елінің аға сұлтаны Тұрман маңында болып, от тілді, орак ауызды ақын ретінде көзге түсіп, көбіне айтыс, замана жайын қозғайтын толғау, касида жазған екен. Алайда ақынның сол шығармалары бізге толық жетпеген. Оның үстіне картайған шағында ақын жоқшылық уысына түсіп, бір күні Палымбет дейтін ауыл молдасы «Өлең – шайтанның ісі еді, тәубе қылатын кезің жеткен жоқ па?» – десе керек. Палымбеттің сөзіне ерген Бұдабай өлеңдерін өз қолымен өртеп жіберіпті.

Ә. Коныратбаев Бұдабайдың ел аузында жүрген өлеңдерін шамамен оннан асады дей келе, солардың ішінен өз уақытында баспа көргендері ретінде – «Әйекенің жоктауы», «Көніл», «Өмір» сияқты өлеңдерін атап, жоғарыда аталған мақалаларында осы өлеңдерден үзінділер беріп, «Әлмембетке» өлеңінің толық нұсқасын жарияладап, талдаған.

Ақынның Әйекеге арналған жоктауы Бұдабайдың көзі тірісінде Қазанда 1883 жылы жарық көріп, Ә. Бекейханов пен А. Байтұрсынов құрастырған «Жиырма үш жоктау» (1925), Ә. Дишаев жинаған қазақ халық поэзиясының үлгілериңе де (1897) енген екен.

Бұдабайдың сінірі шыққан кедей болып, осы кедейлік жүгі оған картайған шағында аса ауыр тигендігін зерттеуші мына өлеңі арқылы байқатады:

«Құдай-ау, мен не қылдым жарлы қылыш,
Болмай ма бір сынасан майды қылыш.
Күрессем тең құрбымнан жығыламын,
Қойсаншы тым болмаса өлді қылыш».

Бұкіл ғұмырын ақындық өнерге арнаған Бұдабай 1911 жылдар шамасында Сыр бойындағы Кердере деген жерде қайтыс болып, сүйегі өулие Торанғыл деген жерге койылыпты.

Ә. Коныратбаев Бұдабайдың өлеңді 60–90-жылдар арасында жазғандығын айта келе, сол кездегі елдегі тарихи жағдайға «ол уақыт қазақ даласының патшалық Ресейге косылып, ел ішінде жана тәртіптің орнап жатқан, бұрынғы аталаң би, Қокан хандығына бағынған датқалар орнына енді би, болыс, ұлық, ауылнайлар сайланып, 1868 жылғы реформа негізінде штат сайлауының жузеге асқан кезені еді» деп түсінік береді. Галымның зерттеуінше, болыс сайлауы бұрынғы аталаң билердің

билігін өлсіретіп, жаңа мақсатты қөздел, бүтіндей патша өкіметіне арқа сүйеген осындай екі түрлі заманың тоғысқан торабында Өмір сүрген Бұдабай ақын көп уақыт замана жайын толық ұфынып, оған тиісті баға бере алмайды. Майлықожа, Мәделиқожа, Базар жырау, Құлыншак, Құлан ақындар заман жайын жырлап, жарғақ құлактары жастыққа тимей жатқанда, ол ел ішіндегі той-думанға катысып, айтыс қуып жүрген.

Зерттеуші ақынның саяси мәселелеге бет бұруын 1880 жылдар деп шамалайды. Оның жазуынша, сол жылы қонырат Қалкөз орнынан түсіп, Әйеке мен Әлмембет арасындағы дау-шар кабынып, Нияз Түркістаннан қуылады. Осы тұста бұрынғы әруақты билердің уақыт жаңалығынан таяқ жегенін көрген Бұдабай замана қайшылығын ұфына бастайды. Екі сөзінің бірінде парақорлық, дау-шар көбейді, ұлықта әділдік жок, заман азды, заң тозды деген ой айтып, әлі де болса қоныраттарға Қалкөз сияқты билердің етегінен үстандар деп ақыл береді. Мансапқорлық, аласапыран салтын ұнатпайды. Ондай жолмен келген болыстықтан гөрі мал бағып, тыныш жатқанды артық көреді. Мұнысын зерттеуші ақын өлеңін мысалға ала отырып білдіреді.

«Мал жақсы болыстан да, биліктен де,
Әр істі акша бұзар киліккенде.
Азғанын заманың білмейсің бе
Жабы озды жалы сүйілк жүйріктен де».

Галымның зерттеуінше, осындағы Бұдабайдың ұнатпайтын жабылары – байлардан болған жаңа болыс, билер. Бірақ Бұдабай заманың жаңалығына, өзгерісіне қарсы емес. Тек сол жаңа заманың иесі де бұрынғы Сапак, Қалкөз, Тұрсынбай сияқты аталаң билер, «аруақты» тұқымдар болса екен дейді.

Ә. Коныратбаев ақын өлеңдерінің мағынасы мен астарын оқырмандардың терен ұғынулары үшін өлең шумактарынан үзінділер келтіріп, сол уақыттағы елдегі болып жатқан жағдайларға тоқталып, түсінік беріп, шолу жасап отырады. Ақынның билікке таласқан болыстарға басу айтқан өлеңдерін талдай келе, зерттеуші: «Бұдабай көбіне аталаң билерге қарсы жазған ақын. Бірақ хасидасында сын, сатира жанры үстем жатады. Бұған оның Қалкөз, Сапак, Әлмембет, Ниязға айтқан өлеңдері айғақ», – дейді [5, 3].

Галым өзінің «Қазақ әдебиетінің тарихы» жинағының Бұдабай ақынға арналған бөлімінде сол кезенде қыпшак еліне аға сұлтан, одан соң бірнеше жыл болыс болып, қарадан шыққан хан

ретінде билік құрған Әлмембеттің картайған шағында болыстықты інілеріне қимай, өзінің он сегіз жасар баласы Сыздыққа бергенде, ағайынды үшеу арасында талас болып, елді қырық пышақ етіп жүргендерінде Әлмембеттің ұлы, қызы, әйелі бірдей өліп, оған інілері бата оқымай, бауырлар арасында араздық туындағанда Бұдабайдың Әлмембет ауылына екі-үш айдай жатып, қайтарда жазған аралық сөзінен кейін туыстардың бір-бірімен татуласқандықтарын жазады.

Зерттеуші Бұдабайдың Әлмембеттің ұлы мен қызы, әйеліне көніл айтқанда шығарған сөзінің тұстастай сакталғандығын, оның бастан-аяқ сатира екендігін айта келіп, алғашқы 12 жолы ақынның өзін дәріптеуге, одан соңғы 36 жол – Әлмембет баласына көніл айту, қалған 68 жол – сатира, барлығы 116 жол болып келген шығарма жалпы мазмұны жағынан қасида, мәрсия (элегия), сатира аралас келген толғау екендігін анықтайды [7, 169].

Бұдабайдың құрдасы Қоныратбайға жазған өлеңінде де адам бойындағы ұсақ мінездерді сыйна алатынын ғалым өлеңді мысалын келтіре отырып айқындейді. Зерттеушінің жазуынша, Бұдабай бұл ұзак өлеңінде досына сырын білмегенге сене берме деген ақыл айтады.

Ақынның адам бойындағы ұсак мінездермен катар ел арасындағы өтірік-өсекті, бүліншілікке себеп болатын сотқарлық мінездерді ұнаттай, сынағандығын зерттеуші Бұдабайдың Түркістан уезіне жәрдемші болып тұрған қыпшақ Ниязды қонырат болыстары жаламен орнынан түсіргенде Ниязға болыссып айтқан сезінен, жаңа заман адамдарына үміт артып Мәлібек болысқа айтқан сезінен білдіреді.

Фалым Бұдабай ақынның неғұрлым толық әрі өзгеріссіз сакталған өлеңі ретінде 1880 жылы кісілік таласына түскен Әйеке өліміне байланысты жазылған «Әйекенің жоктауы» өлеңін атайдырып, бұл шығарманың шығуына себеп болған жағдайларды түсіндіріп береді. Ә.Қоныратбаевтың пікірінше, Бұдабайдың Әйекеге жазған жоктауы XIX ғасырдың аяқ кезіндегі отаршылдық тәртіпті сынаудың үлгісі болса керек. Зерттеуші 1809—1853 жылдар арасында Акмешіт жерін билеп, елге қиянат көрсеткен Қоқан хандығы озырылғының Бұдабай поэзиясынан орын алмағандығын, сол уақыттағы олардың арасындағы сұық оқиғаны тек Әуез бен Мансур ғана жырлағандығын айтады.

Фалымның зерттеуінше, Базар өзінің замандастарына арнап сөз жазғанда көбіне өзін мақ-

тайды, не ақындықты дәріптейді. Сөздері ауыр, образды, жұмбакты болып келеді. Ал Бұдабай өзін мактамай жүртты, заманды ашық сынайды. Сөзін аталы билерге, жоғарғы топқа арнап жасса да тілі бұхара халыққа түсінікті, көпке ұғымды.

Зерттеуши Бұдабайды айтыс пен жоқтау сөздің үстасы деп бағалай келіп, оның жоқтауларын мұн арқылы келетін мактада дейді. Оның себебі ретіндегі ақынның заманының сынағанмен, жаналықтан безінбей, болашаққа сеніп, қайратты, күшті адамдарды дәріптей отырып, адамдардың елге қамкор, өділ болуын талап еткендігін айтады. Ғалымның зерттеуінше, Бұдабай – сыншыл, сынампаз адам болып, ел ішіндегі партиягершілік, барымта, шабармандық, мансапқұмарлық сияқты зиян әдеттердің бәрімен де күрескен. Сөздерін үлкен теңеу, салыстырулар арқылы танытады. «Бір жағында кошқар, сұнқар, жүйрік тазы, бір жағында жабы, жапалақ, өгіз сияқты нәрселер жүреді. Онысы жана байлар, бүлікшіл билер, ұлықтар», – деп ақынға «дүр теңеулердің үстасы» деген баға береді [5, 3].

Бұдабай Қабылұлы өлеңдері аузызекі айтылуы арқылы ел ішіне кең таралғанымен, оның ең алғашқы шығармалар жинағы Н. Қасымұлы, М. Аяпұлы, М. Жармұхамедұлының құрастыруларымен 1994 жылы «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығынан жарық көрді. Осы еңбекті құрастырушылардың жазуынша, «акынның өлең-жырларын жинап, корға тапсыруға 30–40-жылдары көптеген жинаушылар қатысқан. Олардың ішінде бірін- бірі қайталаityнда-ры болғанымен, әр жинаушы қарлығаштың қана-тымен су сепкеніндей қолына түскен бірлі-жа-рым жырларын құннтылықпен қосып отырган. Бұлар: проф. Э. Қоңыратбаев, О. Шипин, И. Жыл-қыайдаров, Ф. Себепов, К. Наурызбаев, Ү. Толы-беков, М. Байділдаев, Р. Мәзқожаев, М. Бекбер-генов, А. Қайнараев, К. Амантаев, Т. Мейрам-баев секілді азаматтар» [4, 29].

Ақын өлеңдері 1989 жылы «Бес ғасыр жырлайды» жинағына да еніп, онда Бұдабай өлеңдері арқылы бай манаптардың, кожа-модалардың, Қокан әкімдерінің озбыр қылықтары өткір сынға үшyрап, ел бірлігі, қалың бұқара мұддесі көркем жырланғандығы айтылады. Оның атын қазақ еліне кең танытқан шығармасы ретінде «Әйекенің жоктауы» аталып, шығарманың туу тарихына қысқаша шолу жасалған [3, 326].

Қорыта келе, ақын өлеңдерін алғашқылардың бірі болып жинастырып қана қоймай, шығарма-

ларына ғылыми талдау жасаған Ә. Қоңыратбаев – XIX ғасырдың екінші жартысындағы Сыр елінің өлеуметтік өмірін білу ретінен ақындық принципінде, көзқарасында әділдік, адалдық, адамгершілік ұлылығы жырланған Бұдабай Қабылұлы поэзиясының мәні мен мазмұнының аса елеулі екендігін алғаш танып, оның ақындық өнерінің қайнар көзі мен өзіндік ерекшеліктеріне жіті шолу жасап, оған көптеген ақындардың еліктеуінің себебін – ақынның ғажап теңеулері мен жалпақ тілінде екендігін анықтап, Бұдабайдың қазақ әдебиеті тарихындағы орнын алғаш белгілеген зерттеуші.

ӘДЕБИЕТ

1. Әлмашұлы Ж. Қызыр қонған Түркістан. Алматы, 1998. 208 б.
2. Байділдаев М. Сыр бойының ақындары // Ленин жолы. 1959. 16 қыркүйек.
3. Бес ғасыр жырлайды. Алматы, 1989. 1-т.
4. Бұдабай Қабылұлы. Шығармалары. Алматы, 1994. 152 б.
5. Қоңыратбаев Ә. Қыпшақ Бұдабай ақын // Оңт. Қазақстан. 1946. 14 маусым.
6. Қоңыратбаев Ә. Бұдабай ақын // Ленин жолы. 1972. 27 сәуір.
7. Қоңыратбаев Ә. 10 томдық. Алматы, 2004. 3-т.